

Жомарт ЖЕҢІС

ТҮРКІ ҚАҒАНАТЫНДАҒЫ ТҮРКІЛЕРДІҢ ДӘСТҮРЛІ
ДҮНИЕТАНЫМЫ ЖӘНЕ ДІНИ ИДЕОЛОГИЯ

В настоящей статье рассматриваются традиционной мировоззрений к становлению и развитию религиозной идеологии в средневековых тюркских государствах. Автор в статье делает заключение, что с принятием новых религии и изменением идеологических направлений в тюркских государствах традиционное мировоззрение не исчезло, а трансформировался и их элементы продолжил существовать в мировых религиях как ислам.

Makalede orta asır çağı Türk devletlerinde dini ideoloji oluşumu ve gelişimi üzerindeki geleneksel dünya görüşünün etkisi ele alınır. Yazar, Türk devletlerinde yeni dinlerin benimsenmesi ve ideolojik eğilimlerin değişimiyle geleneksel dünya görüşü kayıplara karışmaz, sadece şekil değiştirir ve onlara ait unsurlar dünya dinlerinden İslamiyet içerisinde yaşamını devam ettirirler.

VII ғасырда Орталық Азияда пайда болған түркі мемлекетінің тарихындағы діни идеологияның осы мемлекеттердегі маңызын анықтап, баға беру дерек тапшылығына байланысты күрделі мәселе күйінде қалуда. Бірыңғай этникалық текке, шаруашылық-экономикалық типке ие тайпаларды біріктіріп, өз мемлекеттерін құрған түркілердің сол кездегі қолайлы саяси жағдайға қарамастан салыстырмалы аз ғана уақыттың ішінде қайта ыдырап, бөлшектенуіне діни факторлардың әсерін анықтау әлі бұлыңғыр.

Зерттеушілер негізінен көшпенділер мемлекетінің саяси тұрғыда дағдарысқа ұшырауына ортағасырлық мемлекеттердің құлдырауының негізгі себептеріне қағанат ішіндегі саяси қайшылықтарды, шаруашылық-экономикалық дәстүрдің бұзылуы және көрші, анағұрлым жетілген мемлекеттілікке ие елдердің тарапынан ішкі қайшылықтарды туғызуға бағытталған арандатушылық әрекеттерімен байланыстырады. Тек, кейбір зерттеушілер түркілер құрған мемлекеттердің құлдырауы мен жаңа түрге ие болып, өзгеруіне сол мемлекеттердегі рухани процестерді себеп санайды. Зерттеу жұмысының алдына қойған мақсаты да соңғы себептің заңдылықтары мен барысын ашу болғандықтан осы тарауда Бірінші Түркі қағанатының құрылуы мен құлдырауындағы түркілердің діни идеологиясына ұстын болған дәстүрлі дүниетанымның даму ерекшеліктері мен рухани өзгерістерінің орнын дәйектеуге арналады.

Бірінші түркі қағанаты стихиялы түрде кездейсоқ пайда болған мемлекеттер қатарына жатпайды. Бұл мемлекет өздерінің алдында Еуразияның көлемді бөлігіне өз үстемдіктерін жүргізген Ғұн мемлекетінің заңды жалғасы.

Ұлы далада түркілердің алғашқы мемлекеттік құрылымының негізін қалап, салтанат құрған ғұндар біздің заманымыздың 48 жылы солтүстік және оңтүстік болып екіге бөлінді. Оңтүстік ғұндардың тағдыры негізінен Хань

империясына тәуелді болды. Солтүстік ғұндар – Енисей (ежелгі қырғыз) тайпаларынан, әсіресе дуньху-үйсін ұрпақтарынан, сәнби-Манчжуриядан айырыла бастады. Ғұндардың ордалары Батыс Монғолияға, солтүстік-батыс Сібірге, Шығыс Түркістанға ығыса отырып, біздің заманымыздың II ғасырының бірінші жартысында ғұн тайпаларының миграциясы әуелі Қазақстанның шығысы – Тарбағатайға және Жетісуға қарай ығысты. Осы кезде ғұндар өздерінің бес ғасырдай өмір сүрген Юэбан мемлекетін құрды, ол мемлекеттің ордасы Балқаш көлінің солтүстігінде орналасты. Ал кейін ғұндар Батыс Сібір угор тайпаларымен бірге Орал, Каспий, Еділ маңындағы жерлерге қоныс аударды.

Ғұн мемлекеті ыдырағанмен оның мемлекеттік дәстүрлері із-түзсіз жоғалып кеткен жоқ. Түркі қағанаты ғұндар тұсында қалыптасқан көшпенділерге тән дәстүрлі мемлекеттік жүйені мұраға алды. Ұлы даладағы біртұтас мемлекеттің негізін қалаған түркі тайпаларына, ғұндардан бір тіл мен мәдениетке ие бірыңғай этникалық сипатқа ие тайпалармен қатар әр түрлі этникалық, шаруашылық текке ие халықтар мекен ететін ұлан-байтақ территория ғана емес, мемлекет құрылымына негіз болған әлі толық пісіп, жетілмеген, бірақ даму жолындағы билік жүйесі және дәстүрлі дүниетаным қалды.

Өздерінің дәстүрлі мемлекеттік құрылымы мен идеялық тұғыры бар сол кездердің ірі мемлекеттері Қытай, Византия және Иран сияқты мемлекеттермен иық тірестіретін, бүкіл азиялық даланы біріктіретін көне түркі қағанаттарының билеушілері үшін ең басты міндет аяғынан қаз тұрған мемлекетті сақтап қана қоймай, кейбірі ортақ тіл мен дүниетанымға ие, кейбірі мүлде бөлек этникалық текке жататын ірілі-ұсақты тайпаларды біріктіріп, мемлекет іргесін бекіте түсетін әлеуметтік саясат пен басқару жүйесіне ие болу аса маңызды болды.

Осы кезеңде ортағасырлық әлемде мемлекеттің саяси өмірінде діннің жетекші идеологиялық жүйеге айналуы қалыптасқан үрдіс болды. Батыста христиан дінінің түрлі ағымдары мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатында жетекші орынға ие болуға тырысып, мемлекетте құрамдас ықпалды жүйе саналды. Ортағасырлық шығыста да конфуций ілімі мен будда тармақтары, исламның түрлі ағымдардың мемлекетте өз ықпалдары болды. Батыстағы қасаң діни догматтарға қарсы ілімдер ретінде пайда болған философиялық көзқарастар мемлекеттегі діннің орныққан дәрежесін иеленуге тырысқанымен әлі жетілмеген идеологиялық тұғырнамасы біршама уақытқа дейін оған жол бермеді. Шығыста болса жаңа философиялық ілімдер батыстағыдай дінмен тайталаса алмады. Мемлекеттік билікпен одақтасқан ресми дін басшылығы тарапынан осындай идеялардың қай-қайсысы болмасын қудаланып, шеттетілді. Орныққан ресми діни идеологиялық биліктің мазасыздануы заңды болды да – жаңа идеялар бұл кезде мемлекет мүддесі үшін аса маңызды болмады, керісінше мемлекет іргесін шайқалтып, ел ішіне іріткі салып, ішкі әлеуметтік қайшылықтарды одан әрі тереңдете түсті. Сол себепті де Ирандағы биліктің діни зороастризм әлсіреп, өз

позициясынан айырыла бастағанда пайда болған Мани ілімі осы елде қуғынға ұшыраса, Византиядағы несториан ағымы ресми шіркеу тарапынан шеттетілді.

Мемлекеттің міндетті құрылымы ретінде жаңа құрылған түркі мемлекетінің де негізін ғұн дәстүрлерінен алатын, әлі пісіп-жетіле қоймаған, бірақ үнемі даму үстіндегі діни негіздегі ұлттық-мемлекеттік идеологиясы болды. Бұл идеологиялық жүйе түркілердің алдында ірі мемлекеттілікке ие болған ғұндардан қалған жүйе ретінде жас мемлекетте одан әрі дами түсті. Түркілердің бұл мәселеде жолдары болды – оларға қандай да бір жаңа идеологиялық жүйе құрудың қажеті болмады. Өйткені діни идеологияның тұғыры дәстүрлі дүниетаным да ғұндар мен түркілерде ортақ болды [1.213].

«Тәңір қамқорлығындағы Мәңгі елді» насихаттайтын түркілердің діни идеологиясы олардың дәстүрлі дүниетанымымен тығыз өріле қалыптасты. Түркілер мен ғұндардың идеялық жақындығы түсінікті – генеологиялық, мәдени, діни ортақтықтарға ие екі мемлекеттің діни идеологиясы да бір болды. Екі империяны құрушылардың идеологиялық айырмашылығы тек олардың көршілеріне қатысты сыртқы саясатта анық байқалды. Ғұндар тұсында көшпенділердің дәстүрлі көршісі Қытай түркілерге тәуелді, қорғанушы ел болса, түркілер тұсында бұл мемлекет күшейіп, шабуылдаушы мемлекетке айналды. Сондықтан да Түркі қағанатының ресми идеологиясы: қытай мәдениетін мойындамау және көршілерінен өздерінің артықтығын ұғыну сияқты екі принципке сүйенді [2.338]. Түркі қағанатында төмендегідей іргелі саяси мақсаттар басты ұстаным етіп алынды: Тәңірі қорғауындағы ғұн мемлекетінің ыдырауынан кейін бытырап кеткен түркілерді, түркілермен шаруашылық-мәдени тұрғыда ыңғайлас көшпенділерді қайта біріктіру, босып кеткен түркілерді елге қайтару және Қытайға саяси қысым көрсетуді қайта жалғастыру [3]. Осындай күрделі саяси мақсаттарды іске асыру үшін қағанат билігінен қағанат халқын оларды осындай саяси қадамдарға жұмылдыру үшін ең алдымен тұрақты рухани негіз қажет етілді. Қағанат билеушілерінің өздеріне бағыныштылардан әрдайым қажет етілетін осындай рухани дайындық билеуші топ тарапынан насихатталатын діни идеология арқылы іске асты. Бұл діни идеология болса қағанат көшпенділерінің ұлттық дәстүрлі дүниетанымы негізінде ғасырлар бойы жетілдіріліп, қалыптасты.

Түркілердің өз мемлекеттерінің іргесін бекітуге деген талпыныстары дамыған көршілерінің идеологиялық шабуылдарымен қатар жүрді. Түрлі себептерге байланысты түркі билеушілерінің қолдауына ие болып, ресми дәрежеге қол жеткізген жат жұрттық идеялар, түркі дүниетанымына сәйкес келмесе қағанаттағы консервативті билік қанатының тарапынан белсенді қарсылыққа ұшырап, көшпенділер арасында ұзақ қала алмады. Осындай қарсылыққа қарамастан мүдделі топтардың қолдауымен түркілер мемлекетінде саяси үстемдікке қол жеткізген осындай идеялар түбінде көшпенділер мемлекетінің құлауына бірден-бір себепкер болды.

Жоғарыда атап өткеніміздей, ортағасырлық мемлекеттерде дін жетекші идеологиялық бағытқа ие болғандығы белгілі. Діннің пайда болу

тұрғысынан зайырлы, материалдық әлемге тәуелсіздігі, қоғам мен әлеуметтік топтардың ара-қатынасын реттеудегі әмбебаптығы діннің қоғамдағы идеологиялық мүмкіншіліктерін басым ете түсті. Осы орайда идеология тарихтың әр түрлі кезеңдеріндегі билік пен саясат субъектілеріндегі таптардың ақыл-ойы, мақсаты, мүдделері мен көзқарастарының шындықтарында көрініс тапқан көзқарастар мен идеялар жүйесі болып табылатыны анық. Орта ғасырлардағы мемлекеттік құрылымның міндетті құрамдас бөлігі саналатын осы жүйенің діни сенімдерден қуат алып, діннің мемлекет ісіне шексіз араласуына себепші болды. Осы орайда идеология түсінігі мемлекеттік-қоғамдық құрылымның ұйымдастырушы, реттеуші және бақылаушы жүйесінің тұрақты қалпы ретінде ХІХ ғ. басында француз ғалымы А.А.К. Дестют де Тресси арқылы пайда болғанымен [4.37], дін бұдан бұрын да ұзақ уақыттар бойы осы идеологиялық міндетті атқарушы болды.

Шындығында саяси идеологияның өзі, рухани құбылыс ретінде ерте замандарда-ақ пайда болып, адамзат тарихымен қабаттаса түрлі күрделі даму жолдарын бастан өткізе өмір сүріп отыр. Саяси идеология мәңгілікке қатып семіп қалмай, керісінше, әлеуметтік қоғаммен бірге дамып, өзгеріске түсіп отырды. Зерттеушілердің пайымдауынша ол сипаты жағынан қоғамда қос рольге ие – бір жағынан даму мен ескіні теріске шығаратын, өткенмен айырылысып, жаңаны жасайтын эволюция, екінші жағынан өткендегілерден анағұрлым өміршең, жарамды, жалпы адамзаттықты сақтап, келер ұрпаққа жеткізуші [5.56]. Тарихи даму барысында осындай әмбебап идеологиялық жүйенің негізгі қағидалары өзгеріссіз қалып, тек кейбір қосымша элементтері уақыт талабына сай өзгеріске түсті. Ортағасырлық түркі мемлекеттерінде де дәстүрлі дүниетаным негізінде қалыптасқан діни идеологияның түркі қоғамының әр түрлі тарихи кезеңдерінде сұрыпталып, дамып, жетіле түскендігін байқаймыз.

Ортағасырлық түркі мемлекеттеріндегі діни идеологияның қалыптасуы, дамуы мен өзгерістерін сараламастан бұрын ортағасырлық түркі мемлекеттеріндегі діни идеологияның міндеті мен негізгі тірегіне түсінік бере кеткен жөн. Біз өз зерттеуіміздің нысаны ретінде алған діни идеологияның міндеті мен негізгі тірегіне түсінік беру мақсатында оның негізгі міндетінің мемлекеттің іргесін бекіту, елді біріктіру екендігін жоғарыда атап көрсеттік. Осы орайда діни идеология өз тұғыры етіп Тәңірі сенімі мен Тәңірі жаратып, қолдаған «Мәңгі ел» ұғымының осы діни идеологияның негізгі тірегі болғандығын байқаймыз. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгі ел» идеясы да мәңгі мемлекет, мәңгі халық мағынасын білдірді. Осы көне түркілік «Мәңгі ел» арманының орындалуы үшін жат жерлік идеяларға тосқауыл болып, қағанатты саяси-экономикалық тұрғыда күшейтуге қабілетті діни идеологияны жетілдіріп, дамыту түркі идеологтарының негізгі міндеті болды. Бірінші, Түркі қағанатының құрылуынан бастап, Қазақ хандығының гүлдену дәуірі кезеңі аралығында «айгуджы», «көлеркіндер», «бектер», «билер» деп әр түрлі атауға ие болған осы идеологтар дәстүрдің сақталуын, дамуын жіті қадағалады.

Ортағасырлық түркі мемлекеттерінде «ел» сөзінің мағынасы кең ауқымды болды. «Ел» сөзі тек территориялық аймақтың немесе мемлекет сөзінің баламасы ғана емес, «ел» деп сол территорияны мекен ететін халықты, тайпаны атады.

Көшпенділік басты шаруашылық тәсілі болған көшпенділер үшін мемлекет (территория) пен халық бір ұғым саналды. Өйткені мал жайылымы ретінде аса маңызға ие өмір сүру сферасы түркілердің ажырағысыз құрамдас бөлігіне айналды. Яғни, жайылыммен тығыз байланысты көшпенділер көшіп-қону кезінде жайылымның жеткілікті болуын қадағалады. Сондықтан да көшпенділер үшін «халық» мағынасындағы «ел» сөзі мен «өмір сүру сферасы», «мемлекет» мағынасындағы ел сөзінің маңызы бір болды. Бұдан өзге, ру-тайпалық құрылымға ие түркілер үшін ел ұғымы әрі ру-тайпа, халық мағынасын, әрі сол тайпаның көшіп-қону аумағын білдіретін территория ұғымын да берді. Ортағасырлық түркі мемлекетінде елді билеуші тұлғаны «елхан», яғни мемлекет билеушісі, халық басшысы деді. Алғашқы түркі қағаны Бумынның билеуші ретіндегі титулы «ильхан», яғни, мемлекет, халық билеушісі атағын иемденгені белгілі. Түркі қағанатындағы «ел» сөзінің саяси маңызы жайлы С.Г.Кляшторный: «Түркілер, біз Түркі қағанаты, империясы деп атаған өз елдерін Түркі елі деп атады», деп ел сөзінің мағынасының ауқымдылығын еске салады [6.4]. Бұл мемлекеттік дәстүр Шыңғысхан құрған мемлекеттерде де сақталды. Мысалы, түркілердің дәстүрлі аймағынан тыс, Иран жерінде 1259 жылы Хулагу хан (1256-1265) құрған мемлекетте де мемлекет билеушілері «ильхан» титулын иемденді. Бұл дәстүрдің ортағасырлық түрлі түркілік мемлекеттерде іске асқандығы жайлы А.Қадырбаев: «Қыпшақтар мен қаңлыларда қоғамдық құрылымның жүйесі тайпаларға біріккен рулық институтқа негізделді. Сонымен бірге одан да ірі «ел» деп аталатын бірлестіктерге бірікті. Әрбір елдің өз территориясы мен шекарасы болды», – деп жазады [7.19].

Яғни, орта ғасырларда «ел» сөзі мемлекет пен халықты біріктіре қолданылатын сөз болды. Ал осы «елдің» мәңгілігі түркі мемлекетінің тізгінін ұстаған билеушілер мен мемлекетті мекендеуші халықтың әрқайсысына тікелей қатысты болды. Яғни, Тәңірі қолдауымен билікке жеткен билеушіге де, Тәңірі сүйіп жаратқан түркі халқына да Тәңірі қорғаған елдің мәңгілігінің жауапкершілігі бірдей жүктелді. Сондықтан да біз ғылыми айналымға осы терминді ортағасырлық түркі мемлекеттеріндегі ұлттық-мемлекеттік идеологияны тұтастыра қолданудың ғылыми негізін жасадық.

Сонымен, В.В.Трепавловтың сөзімен айтқанда «әр әлеуметтік институт өзінің табысты әрекет етуі үшін айрықша әрекет тәсілін қажет етті. Яғни, басқару өмір сүру үшін мемлекеттік құрылым мен оның идеялық негізінің тәсілі мен әдісін ашатын мемлекеттік дәстүр қажет» [8.5]. Әрине, бұл қағида ортағасырлық мемлекеттерді де айналып өтпеді. Сыртқы үздіксіз шабуылдар мен ішкі шиеленіскен әлеуметтік қайшылықтар жағдайындағы мемлекет үшін осы ортағасырлық аласапыраннан белгілі бір идеологиялық бағытты бағдар ету қажеттілігі әрқашан сезілді.

Міне, сондықтан да ортағасырлық түркі мемлекеттеріндегі діни идеологияның негізгі мазмұны Тәңір қолдауына ие құтты қағанды мемлекет басына әкелу, Тәңірі мен қаған және халықтың арасындағы үндестіктің сақталуына кепілдік болу, мемлекеттің дамуын қамтамасыз ету, халықтың әл-ауқатын көтеру, елді сыртқы жаудан қорғап, қауіпсіздікті қамтамасыз ету сияқты маңызды міндеттерге негізделді. Халық пен билеушілер, халық пен қоғам арасындағы қарым-қатынас та осы міндеттерді іске асыруға бағытталды.

Қорыта айтқанда түркі мемлекеттеріндегі дәстүрлі дүниетаным негізіндегі діни идеология туралы да осыны айтуға болады. Ғұн дәуірінен бергі бүкіл орта ғасырлар бойғы түркі мемлекеттерінің діни идеологиясы жаңадан пайда болған емес, көне, дәстүрлі нанымның жетілген, өзгеріске ұшыраған түрі болды.

Түркі қағанатының құрылуынан бастап, Қазақ хандығының дәуірлеу кезеңіне дейінгі түркі мемлекеттеріндегі діни идеология өзегі дәстүрлі дүниетаным (Тәңірі сенімі) болып табылды. Мемлекеттік дәстүр мен халықтың рухани мәдениетінде дәстүрлі дүниетаным негіз болып қалды да, келімсек, жат идеялар онымен ымыраласып, біте-қайнасып кетті. Ымыраға келе алмаған идеялар не өздері ерткен түркілер мен түркі мемлекеттерінің құлдырап, жоғалуына себепкер болды, немесе олар түркілер арасында мәңгілікке қала алмады. Қоғамдағы тарихи-әлеуметтік өзгерістерге байланысты дәстүрлі дүниетаным да трансформацияға ұшырайды. Бірақ бұл өзгерістер кезеңінде дәстүрлі дүниетаным өз мәйегін сақтап қалуға тырысады.

Түркі мемлекеттеріндегі діни идеологияның осы рухани мәйегіне негіз болған дәстүрлі дүниетанымның қай санаға жататындығы ғылыми ортада өткір талас тудырып келді. Ұсынылып отырған зерттеу үшін аса маңыздылық танытпаса да осы мәселеге қатысты түрлі көзқарастардың бар екендігі белгілі болып отыр. Мысалы, қазақ зерттеушісі С.Ақатаев: «Дінмен тығыз байланысқа ие түркілердің дәстүрлі дүниетанымының идеялық платформасы жоғарғы Жаратушыға сенуге тартылады. Бірақ, онда халық дүниетанымының қалыптасуы мен дамуына әр түрлі наным мен көне діни табынулар үлкен роль атқарғанымен, діннің негізгі белгілері мен қалыптары болмады» [9.12], – деп түркілердің дәстүрлі дүниетанымының өзегі Тәңірі сенімі екендігін көрсетеді. Осы салада біршама зерттеулер жүргізген С.Ақатаев түркілердің дәстүрлі дүниетанымының қазіргі мұрагерлерінің бірі – қазақтардың дүниетанымы жайлы «Қазақтардың синкретикалық дүниетанымы өз негізінде нақты-философиялық немесе діни ілімге, доктринаға ие болмады. Ол негізінен «табиғи» текке ие және қандай да бір діни кітаптарда жинақталмады. Ой синкретизмі рәсімдік кешендерде, халықтың күнделікті өмірінде сақталды және осы ырым-жоралғылардың қарапайымдылығы сол оны атқаруға дін өкілдері мен храмдардың қажеті болмады. Осыған қарамастан ол адамның әлемге дүниетанымдық тұрғысын білдірді, ішкі қатаң ұстанымға бағына, және әлем үсті космогенді идеясы – тәңірлікке табиғатты

кейіпкерлендіру нәтижесінде және ойлаудың исламдану жағдайында өскенін іштей түсінді, не табиғат, космос бастауы адамның өзінде және санасында және ол осы әлемнің бір бөлшегі болып табылады [9.19].

С.Ақатаев Тәңірі сенімінің белгілі бір дінге жататындығына күмәнмен қарағанмен, кейінгі тарауларда келтірілген мәліметтер Тәңірі сенімінде өзіндік діни ерекшеліктер бар екендігін көрсетеді.

Кейбір жағдайларда бұрын діни қалдықтар ретінде қарастырған құбылыстарды қазір этнографтар этностың экологиялық мәдениетінің көрінісі ретінде бағалайды. Олар дәстүрлі сенімдегі рухтар туралы түсінікті де діни сенім ретінде қарауға болмайтынын айтады. Олардың дәлелдеуінше, этнографиялық материалдарды талдау барысында рухтар табыну мен тағзым объектісі емес. Ал адам мен рух арасындағы байланыс партнерлік байланыс сияқты – егер оларға құрмет көрсетсе оларға о дүниедегі туыстары мен ата-бабалары ретінде қараған сияқты. Осылайша дәстүрлі дүниетанымды қарастырғанда олардың элементтерін «діни, діни емес» деп қарсы қоя қарастыру шынайы емес [8.13].

Дәстүрлі дүниетанымды қоғамның ұзақ уақыт даму барысында жинақталған дүниеге көзқарас жүйесінің жиынтығы ретінде бағалауға болады. Бұл жерде осы дүниетанымның қалыптасуына, дамуына, жетілуіне айтарлықтай әсер еткен жеке тұлғаны кездестірмейсіз. Рас, бүкіл тарих бойында аңыз-әңгімелер арқылы жеткен мәліметтердегі Асан қайғы, Қорқыт Ата, Қыдыр Ата сияқты тұлғаларды дүниетанымды жетілдіруші, жандандырушы тұлғалар ретінде тануға болады. Дегенмен олар қалыптасып болған дүниетанымды дәстүрлі бекітушілер, насихаттаушылар ретінде көбірек белгілі.

Сондықтан да түркілердің дәстүрлі дүниетанымын «шаманизм» деп атау Тәңірі сенімінің дін ретіндегі шеңберін қолмен тарылтумен бірдей деп есептеген жөн. Л.Гумилев бұл туралы: «Түркіттердің ертедегі сенім-нанымдары жөнінен айтқанда мен оларды алғашқы қауымдық сенім деп айтудан аулақпын. Түркіттердің өздері әр түрлі тайпалардан тек V-VI ғ.ғ. ғана құрылған, сол себепті олардың өз дәуіріне жататын сенім-нанымы, сол уақыттың өзге де діни жүйелері сияқты дамып, жетілген болды» [10.74],- деп мәселеге шынайы пікірін білдірді.

Осы орайда Л.П.Потапов та этнографиялық материалдарды талдай отырып түркілердің күрделі дүниетанымдық жүйесін дінге жатқызады. Оның айтуынша «Оңтүстік Сібір түркілерінің дінінің көнелігі олардың басқа әлемдік діндердің әсерінен жырақ болуына байланысты. Бұл дін де басқа әлемдік діндерден өзгеше табиғи түрде, діни нанымның қоршаған орта мен олардың әсерлерімен тығыз байланыста әр түрлі формаларының тарихи жолымен пайда болды» [11.85]. Яғни, Тәңірлік дінін халықтың нақтылы дүниетанымынан туындаған, табиғатқа табыну және сиыну салтынан өрбіген, еуразиялық кеңістікте өркениеттік дәрежеге жеткен ұлттық дін деп санауға негіздер бар [12.34]. Ежелгі Тәңірлік діні бізге өзінің антологиясымен – екі ұдай өзара бірлік құдайы туралы ілімі; космологиясымен – өзара қарым

қатынастық мүмкіндіктері бар үш дүние тұжырымдамасымен; жанама әлемдерімен – жеті қат көк аспан, жеті қат жер асты; этикасымен – адалдық, уәде бұзбау, жалғандықты айыптау; мифологиясымен – көк Тәңірі, көк бөрі; демонолигиясымен – ата-баба әруақтарының табиғат рухына айырмашылығы жайлы дүниетанымдық негіздемелерімен келіп жетті. Яғни, діни сенім қалпында әлеуметтік қызмет жасай отырып, қоғамдағы адамдардың Жаратушы алдындағы, қоғам мен әлеумет алдындағы, отбасы мен ауыл-аймақ алдындағы жауапкершілікті парыздарының орындалуына қатаң қадағалаушы ролін мүлтіксіз атқарды [12.37].

Түркілердің дәстүрлі діни сенімі – Тәңірлік сенімі қазіргі ғылыми ортада осы сенімнің діни өкілінің атауына байланысты «шаманизм» деп аталатыны белгілі. Бұл кезінде еуропалықтардың ислам дінін «магометанство» немесе «басурманство» деп төмендете атағаны сияқты көпе-көрнеу бұрмалау болды. Тәңірі сенімінің діни өкілі шаманға немесе бақсыға қатысты шамандық дін емес – бар болғаны айрықша қасиеті бар жеке тұлғаның жеке іс-әрекеті еді. Өзіне Тәңірі тарапынан бақсылық немесе шамандық қасиет қонған кісі емшілікпен, көріпкелдікпен, адам санасынан тыс кереметтер көрсетумен айналысты. Өзіне қонған ғажайып қасиет, сырттан итермелеген еріксіз күш екенін сезінген шамандар, бұл қасиеттің ата-баба әруағы арқылы Тәңірінің берген күші екеніне сенімді болды. Сондықтан да олар Тәңірі қалауымен діни қызметпен айналысып, Жаратушы еркіне қарсы әрекетке ұрынбауға тырысты. Көрнекті қазақ философы Ғ.Есім шаманизм тақырыбындағы әдебиеттерді саралай отырып, қазақ халқының арасында сақталған, бақсылықты зерттеушілердің оны дінмен шендестіруіне қарсылық білдіре отырып, Д.Самонвасовтың "шаман сенім мен дін емес – жеке адамның әрекеті" деген ойына қосылады [13.17].

Көне түркі қоғамында діни идеологияның мемлекеттік жүйенің негізгі тірегі ретінде қалыптасу кезеңінде бақсы-шамандардың түркі қоғамындағы орны маңызды болғанымен, билікке қатысы болмады. Олардың ерекше діни жағдайларына қарамастан мемлекеттегі бақсылар көріпкелдік, сиқыр көрсету сияқты қажет жағдайда ғана пайдаланылатын міндеттерді атқарды. Түркілер дүниетанымында бақсылар арқылы ауа райына әсер етуге болады деген түсінік қалыптасқан. Мұны «ядачы» – шаман істей алады деген түсінік қалыптасты.

Сиқыршылық пен діни-саяси құрылымдарды бір қолда шоғырландырған корольдіктің Шуларда да болғандығы белгілі. Кейін "хақан" (қаған) рухани билікке де ие болып, оның орынбасары, яғни "юғруш" дуняуи істермен айналысатын болғандықтан, осы жобада жалғаса берген қос корольдік жүйе аргиппайларда, одан соң бұлардың ізбасарлары ретінде Орта Тянь-Шаньда көрінген Көктүріктердің ұрпақтарында орныққан. Сондай-ақ ол "дүниеге билік жүргізуді қамтамасыз ететін тылсымды "йеденің" нағыз иесі "Түрік" еді" дейді. "Йеде, йада" тасының түрікте болуы, түркі халықтарының барлық істе балгерлікпен көріне білуі, билеушінің ақылшысы, уәзірлерінің де балгерлікпен, жұлдызшылықпен айналысып,

алдағы істерін жори білгені түркі халықтарының аңыз-әңгіме, ертегілерінен мәлім. Сонда ол сөз биік, жоғары ұғындырушы, кеңес беруші дегендей мағынада айтылған сияқты [14.18]. Кейбір жекелеген жағдайларда бақсылардың мемлекеттік билікке қол жеткізген кездері де болды. Мысалы, эпикалық батырлар «Таншю» хроникасында да осындай бір қызық деректер келтірілген. Онда жетпіс ағайындының ішінде Нишанду ғажайып қасиетке ие болды. Жел мен жаңбыр келтіре алды. Оның екі әйелінің бірі – жаз пірінің, екіншісі – қыс пірінің қыздары болды. Бірінші әйелінен туған үлкен ұлы таулы жерлерде жылылық алып келіп, соның әсерінен Тюку мемлекетінің басшысы болып сайланды. Көне түркі мемлекетінің іргесін қалаған көне түркі тайпасының бастауын сиқыршымен байланыстыруда да үлкен мән бар. Бірақ көне түркі мемлекеттілігінің әрі қарай қалыптасуымен бақсылардың билікке келуі шектеулі болды. Бұған біріншіден, қағандықтан үміткер билеуші әулеттің ішінде мұрагерлердің осындай қасиетке ие бола бермейтіндіктері себеп болса, екіншіден сиқырға ие қағанның билікке келуінің құрылтай мүшелері, билеуші таптың өкілдерінің мүдделерімен әрдайым сәйкес келе бермейтіндіктеріне байланысты болды.

Түркі қағанатының даму кезеңдерінде дін мен мемлекет істерінде шаман-бақсылардың араласуы шектеулі болды. Сахалардың дәстүрі бойынша төменгі әлем рухтарына құрбандық алып келген шамандар, Yungari тоуоп құрметіне рәсімдер жасамақ түгілі осы құдайға арналған isiah мейрамына қатыса алмайды. Хакас шамандары да Quday-ға мінәжәт ете алмайды [15.98]. Көне түркі жазба ескерткіштерін талдау барысында бақсылардың мемлекеттік маңызға ие тұлға екендіктері байқалмайды.

«Шахнамада» да Иран-Тұран қақтығыстары кезінде түркілердің арасында жұлдызшылар мен бақсылардың маңызды орынға ие болғандықтары жайлы деректер мол. Солардың бірінде:

Зе Туркон иеки буд Бозур ном
 Бофсун бехар джой гостарде кам
 Биомухте кажи ва джови [16.359]

Аудармасы: Түркілерде Бозур атты біреу болды
 Сиқыр мен жадылықты меңгерген.
 Оның сиқыры барлық жерге жүреді.

Осы бақсыны Пиран ирандықтарға жұмсайды:
 Ке аз ой дар бороу то саре тиге кух
 Барф ва сармо ва бод дамон.
 Баройшон биобар хам ондар замон. [16,359]

Аудармасы: Осы жерден тау басына бар,
 сол мезет оларға қар,
 суық, жел жібер.

Бақсылардың көне түркі қоғамындағы орнына қатысты М.Қашқари «тойын» сөзіне мынадай түсіндірме береді: "Тойын – ислам дініне кірмегендердің дінбасы. Ол біздің имам мен муфтилерге тең. Тойын әрқашан бұтхананың алдында тұрып, кітаптан кәпірлердің үкімін оқиды. Олардың күпірлігінен құдай сақтасын!" [17]. М.Қашқари тойын туралы өз заманының екі мақалын жазған: 1) «Бір тойын башы ағрыса, Қамуғ тойын башы ағрымас» – «Бір тойынның басы ауырса, барлық тойынның басы ауырмас» [17.45,70], «Тойын табуғсақ, Тәңрі сәфінчсіз» – «Тойын (күнде) табынар, Тәңірдің (онда) шаруасы жоқ».

Сонымен, ерте ортағасырлық түркі мемлекеттерінің діни идеологиясына рухани тірек болған діни дүниетаным Тәңірлік сенім болды. Осындай пікірлер қайшылығына қарамастан түркілердің дәстүрлі дүниетанымынан дінге тән элементтердің көп болуы, ең бастысы діндерге тән Жаратушы ұғымының болуы Тәңірі сенімінің діни сипатын анықтай түседі. Ата-баба рухына тағзым, тотемдік сенім, анимистикалық наным сияқты сенім формалары өзегі Тәңірі сенімі болған түркілердің дәстүрлі дінінің қосымша элементтері болып табылатын алғашқы қауымдық кезеңнен келе жатқан қарапайым сенімдердің қалдығы деуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жумагулов К.Т. Гунны в истории Евразии IV-V вв. //Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер (Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Астана қаласы. 2001ж.18-19 мамыр). А., 2001.-584б. .207-215б.
2. Гумилев Л.Н. Тысячелетие вокруг Каспия. М., ООО «Издательство АСТ» 2000. – 439стр.
3. Төлеубаев Ә.Т. Ғұндар мемлекеті – түркі мемлекеттілігінің бастауы//Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер (Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Астана. 2001,18-19 мамыр). А., 2001.-584 б.
4. Бухаева. А. Идеология Казахстана: проблемы становления. //Мысль. 2003г. 2. С.37-40.
5. Давыдова И.М. Проблемы формирования новой политической идеологии в Казахстане//Саясат. Декабрь, 2000., 56-59с.
6. Кляшторный С.Г. Имперский фон древнетюркской цивилизации //XXI ғасыр: Ұлы дәстүр жолымен (қазақтың ұлы философы А.Х.Қасымжановтың туғанына 70 жыл толуына арналған ғылыми халықаралық конференция материалдары. 19-20 қазан, 2001ж.), А., Қазақ Университеті, 2001, -386 б.
7. Қадырбаев А.Ш. О государственности кочевников средневекового Казахстана // Казахстан и мировое сообщество. №4. 1996. 16-29 стр.
8. Трепавлов В.В. Государственный строй монгольской империй XIIIв. Проблемы исторической преемственности. -РосАН. Институт Росс.ист. М., Наука, изд. фирма "Вост. Лит.",1993. -278с.
9. Акатаев С. Мировоззренческий синкретизм казахов. Автореферат док. дисс. А., 1995. Стр. 38.

10. Гумилев Л.Н. Көне түркілер. А., "Білім", 1994. -381б.
11. Потапов Л.П. Алтайский шаманизм. Ленинград, Наука. 1991.-320с.
12. Әмірғазин С. Дін және жауапкершілік. Монография. Астана., «Фолиант», 2002. - 192б.
13. Есім Ф. Шаманизм деген не. А., Ақиқат.1996. - N2.11-25б.
14. Бекжан О. Тоныкөк//Түркі тұлғалары. Түркістан, Тұран. 2006. 600б.
15. Алексеев Н.А. Шаманизм тюркоязычных народов Сибири (опыт ареального сравнительного исследования). Отв. Редактор И.С.Гурвич. Новосибирск, Наука, 1984. -233с.
16. Фирдауси А. Шахнама. Толық текст, Техеран, Қатре баспасы, 1374, 1368 бет.
17. Қашқари М. Түрік сөздігі: 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубай. III Том. А., Хант, 1998. 600 б.

RESUME

Jenis J. (Shymkent)

Traditional outlook and religious ideology in Turkic kaghanat

In present article deals with relations medieval Turkish governments with traditional religions. Not looking some researchers, established opinion, about positive roles of these alien ideas for Turkish societies these religions finally have destroyed medieval state created turks.

Though the governors have enabled penetration of world religion to the states and some of them has made to state ideology of kaghanats these religions finally not could stay among turks. The people hasn't accepted these ideas and remained correct to traditional belief.